




L/O/G/O

Иридоидтер. Ащы
гликозидтер.
Медициналық
тәжірибеде.





Ащы дәмді заттар немесе ащы заттар деп аталатын, медицинада ерте кезден тәбетті қоздыру арқылы асқорытуды жақсартатын қабілетіне қарай қолданылатын дәрілік заттар.





Бұл қасиеті жөнінен олар құрамында эфир майы бас асқорыту бездерінің сөл бөлу секрециясына әсер ететін татымды заттарға заттарға өте ұқсас. Айырмашылығы ащы заттар сөл бөлуді баяу, бірақ тұрақты күшейтеді.





- Ащы заттар өсімдіктерде эфир майымен бірге кездесуі мүмкін. Жеке ащы заттарға қарағанда мұндай табиғи сәйкестікті “ароматтық ащы заттар” деп атап, оларды эфир майымен бірге қарастырады





Кейбір өсімдіктерде ащы заттар мен шырышты заттар ілесе жүреді. Бұл заттар тобына полисахаридтер өсімдіктерін қарастырғанда сипаттама берілген. Ащы заттар нақты айқындалған жалпы резорбтивтік әсер көрсетпейді.





Бұл оның ащы дәмі бола тұрып, спецификалық әсеріне және жоғары улылығына байланысты бұл топ өсімдіктерне жатпайтын басқа көптеген табиғи заттардан айырмашылығын көрсетеді. Ащы заттар табиғи гликозидтер болып табылады.





Толғақшөп шөбі – трава золототысячник –
Herba Centaurii

Кәдімгі толғақшөп – золототысячник
обыкновенный – *Centaurium umbellatum* Gilib

Толғақшөптер тұқымдасы – семейство
горечавковые - *Gentianaceae*

Сипаттамасы. Биіктігі 40см-ге дейінгі жіңішке
шашақ тамырлары біржылдық немесе
екіжылдық шөптесін өсімдік. Сабақтары 2-5
тен жәй сабақтар, тамыр жапырақтары жақсы
дамыған. Гүл шоғыры қалқанша тәрізді,
лүлдері көп болмайды. Гүлдері шеге тәріздес
формалы. Жемісі цилиндр тәріздес қорапша.
Шілдеден күзге дейін гүлдейді.

Қолданылуы. Спиртті тұндырмасын
дайындайды. Өсімдіктің шөбі тәбет ашатын
жинақтар құрамына енген. Ащы зат ретінде
тәбет ашатын және асқорытуды жақсартатын
қасиетіне қарай қолданылады.





Бақ-бақ тамырлары – корни одуванчика – Radices Taraxaci

Дәрілік бақ-бақ – Одуванчик лекарственный - Taraxacum officinale

Астрагүлділер тұқымдасы - семейство Asteraceae

Сипаттамасы. Биіктігі 40см шашақты тамыры тармақталыпты келген өсімдіктің барлық бөліктерінде өте ащы сүт шырыны бар шөптесін өсімдік.

Жапырақтары өте көп, кең-кері жұмыртқалы пішінде.

Гүл сабақтарының іші қуыс, жоғары ұшы торланған ұлпа тәрізді. Гүлдері ірі себетке жиналған, гүл

орамдары көптеген сұр – жасыл түсті, гүл себетіндегі барлық гүлдері тілді, қос жынысты ашық-сары түсті.

Жемісі ақ түктерден тұратын шашығы бар тұқым.

Сәуірде гүлдейді.

Қолданылауы. Тамырынан асқорыту бездерінің секрециясын күшейтетін қою экстракт алады. Осы мақсатта кесілген тамырлары тәбет ашатын, асқазан және өт айдайтын жинақтарына енеді.





Үш жапырақтары субеде жапырақтары – листья трилистника водяного – *Folia Menyanthidis trifoliatae*

Үш жапырақты субеде – *Menyanthes trifoliata*
Трилистник: водяной, или вахта трехлистная –
Субеделер тұқымдасы – семейство вахтовые
Menyanthaceae

Сипаттамасы. Өрмелегіш ұзын, буынды, жуан тамырсабағы бар көпжылдық шөптесін өсімдік. Жапырақтары жәй, үш жапырақ кезекті ұзынсағақты, тамырсабағының жоғары көтеріңкі бөлігінен өсіп дамиды. Гүл шоғырлары ұзындығы 7 см ұзынша шашақты гүл шоғыры. Гүлдері алқызыл немесе ақ түсті, гүл тәжінің ұзындығы 12-14 мм, 5-салалы майысқан. Жемісі екі жағынан ашылған қорапша.

Қолданылуы. Барлық ащы заттар сияқты асқорытуды жақсартады. Қою экстрактысын күрделі ащы тұндырма дайындау үшін пайдаланады. Сонымен қатар бауыр және өт жолдары ауруларында қолдануға ұсынылған.